

Бекітемін 
ЖШС Ескендір 07 «Ескендір» бөбекжайының
меңгерушісі Базаралиева Б.Т

**2025 – 2026 оқу жылына арналған әдістемелік
кеңестің жұмыс жоспары**

№	Тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	«2025 -2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру» 2. «Жылдық жоспарды талдау»	Нұсқау хатпен таныстыру	Қыркүйек	Меңгеруші Тәрбиешілер
2	1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы 2. Мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата аналарына арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.	Талқылау	ақпан	Меңгеруші Тәрбиешілер
3	1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы. 2. «Серуен кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар	Нұсқаулық	Сәуір	Әдіскер

Орал қаласы

Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыру, 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспардың орындалуын талдау, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясындағы жұмыстардың тиімділігін бағалау, топтардың оқу-тәрбие құжаттарының жүргізілуін тексеру және педагогтердің кәсіби қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

Күн тәртібі:

1. «2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру».

2. Жылдық жоспарды талдау және бекіту

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Б.Т.Базаралиева

1. Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселе бойынша әдіскер сөз сөйлеп, педагогтерді 2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаттың негізгі талаптарымен таныстырды. Нұсқау хатта оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың басым бағыттары, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары, балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру және ата-аналармен тиімді ынтымақтастық мәселелері кеңінен түсіндірілді.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Б.Т.Базаралиева

2. 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарға талдау жасалып, онда әдістемелік жұмыстардың, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру шараларының, мерекелік және тәрбиелік іс-шаралардың, бақылау мен мониторинг жұмыстарының жоспарланғаны айтылды. Жоспардың мектепке дейінгі ұйымның мақсат-міндеттеріне сәйкес әзірленгені атап өтілді.

Шешім

- 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат педагогикалық ұжымның жұмысында негізгі басшылыққа алынсын.
- Тәрбие-білім беру процесі әдістемелік нұсқау хат талаптарына сәйкес ұйымдастырылсын.
- 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспар талқыланып, бірауыздан бекітілсін.



Төрайымы:

Хатшы:

Б.Т.Базаралиева

Ж.М.Маратова



MADE WITH
Scanner
App



Орал қаласы

Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

Мақсаты: Өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуын талдау және олардың тиімділігін бағалау, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің жұмысын әдістемелік ұсынымдарға сәйкес ұйымдастыру арқылы ата-аналарға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету, балалардың жан-жақты дамуына ықпал ету.

Күн тәртібі:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімінің орындалуы туралы.
2. Мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Тыңдалды:

1 мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Б.Т.Базаралиева Б.Т.
Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдіскер өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді. Жоспарланған іс-шаралардың басым бөлігі өз мерзімінде орындалғаны, педагогтердің әдістемелік жұмыстары жүйелі жүргізіліп отырғаны айтылды. Сонымен қатар, алдағы кезеңде орындалуы тиіс жұмыстарға тоқталып, олардың сапалы жүзеге асырылуы қажеттілігі атап өтілді.

Тыңдалды:

1 мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Б.Т.Базаралиева Б.Т.
Екінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдармен таныстырды. Консультациялық пункттердің мақсаты – мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылмаған балалардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық және әдістемелік қолдау көрсету, баланың жас ерекшелігіне сәйкес дамуына бағыт-бағдар беру екендігі түсіндірілді. Сонымен қатар, консультацияларды ұйымдастыру формалары, жұмыс жоспары, мамандардың міндеттері және ата-аналармен тиімді өзара іс-қимыл жасау жолдары қарастырылды.

Шешім:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің жұмысы әдістемелік ұсынымдарға сәйкес ұйымдастырылсын.
3. Ата-аналарға консультациялық қызмет көрсету кестесі бекітіліп, қажетті ақпараттық-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілсін.



Төрайымы:

Хатшы:

Б.Т.Базаралиева

Ж.М.Маратова



MADE WITH
Scanner
App



Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

Мақсаты: Өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысын талдау және олардың тиімділігін бағалау, сондай-ақ серуен кезінде тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған қауіпсіздік талаптары мен нұсқаулықтарды педагогтерге түсіндіру, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жауапкершілікті күшейту.

Күн тәртібі:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімінің орындалуы туралы.
2. «Серуен кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар»

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша меңгеруші өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы ақпарат берді. Жоспарланған іс-шаралардың басым бөлігі уақтылы орындалғаны, педагогтердің әдістемелік жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп жатқаны атап өтілді. Орындалмай қалған немесе толықтыруды қажет ететін бағыттар бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Ж.А.Маратова серуен кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар қарастырылды. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, серуенді дұрыс ұйымдастыру, қауіпті жағдайлардың алдын алу, топты бақылаусыз қалдырмау, серуен алаңын алдын ала тексеру, құрал-жабдықтардың қауіпсіздігін қадағалау және төтенше жағдайларда әрекет ету тәртібі түсіндірілді. Педагогтердің жауапкершілігін арттыру және қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажеттілігі атап өтілді.

Шешім:

1. Өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын..
2. Серуен кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар барлық педагогтер үшін міндетті түрде басшылыққа алынсын.
3. Серуенді ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуы бақылауға алынсын.
4. Тәрбиешілерге балалардың қауіпсіздігіне толық жауапкершілік жүктелсін.



Төрайымы:

Хатшы:

Б.Т.Базаралиева

Ж.М.Маратова